

**ТҮРКІСТАН**

*Халықаралық саяси ақпараттық газеті*

## ПОЭЗИЯНЫҢ ПІРІ

*Оңтүстік астана Алматыда ақындардың атасы болған Кенен Әзірбаевтың  
125 жылдық мерейтойы өтті*

Кенен — ақын, Кенен — сазгер, Кенен — әнші, Кенен — күйші, Кенен — жыршы, Кенен — әдеби мұраларды жинаушы. Жаратқан Иеміздің оған өнердің осыншалық қасиетін үйіп-төгіп бере салғанына қалай таңданбассыз! Оның бұл қасиеттеріне Кенен — сері, Кенен — дананы тағы қосыңыз. «Екі Кенен тумайды, Алатауға ексең де». Ақынның осы бір айтқанына қарап, оның өмірде қайталанбас дара тұлғасын көріп, ерекше дарын қуатын сезінгендей күй кешесің.

Ойды ой жетелейді. Музыкалық және филологиялық жоғары білімі жоқ. Сонда осының бәрін, сөз бен ән маржандарын ол қайдан алған? Ары ойлап, бері ойлап ол тума талант деген тұжырымға табан тірейсіз. Мектебі — халық. Сол халықпен біте қайнасқан өзінің өмірі, қилы-қилы тағдыры. Кішкентайынан көргендері мен көңіліне түйгендері алтын сандық кеудесінен күй болып төгіліп, шешен тілінен өлең-жыр болып есілді, күміс көмейінен ән болып шырқалды. Оның қай шығармасы да халықтық болатыны сондықтан.

Кешегі Ақан серінің, Біржан салдың, Жаяу Мұсаның, Мәди, Мұхит, Үкілі Ыбырайдың Мәшһүр Жүсіптің бізге жеткен жалғасы болған Кенен Сүйінбайдың сынығы, Жамбылдың көзі еді. Жамбылдың өз ұлындай болып жанында жүрді, ақ батасын алды. Ораз Жандосов сынды тарихи тұлғаның тәлімін бойына сіңірді. Ол «халық жауы» атанғанда Кенен де тергеудің талай азабын бастан кешті. Мұқамеджан Қаратаев қол ұшын бермегенде, тағдыр-талайы қалай шешілер еді десеңізші. Кейде оны талай қауіп-қатерден аман алып қалған ұлттық өнердің киесі ме деп те қаласыз. Қалай айтқанда да халықтық өнерге Кенен атаның қосқан үлесі ұшан-теңіз. Өзі өмірден өтсе де артында қалдырған жүзге жуық әндері ел аузында, өлең-жырларын ұрпағы жатқа оқиды. «Ойжайлау», «Көк шолақ», «Келінжан», «Бозторғай», «Базар-Назар» секілді әндері күні бүгінге дейін сахнадан шырқалуда.

Заманның заңғар жазушысы атанған Мұхтар Әуезов: «...Кенеке, Сіз күміс көмей әншілігіңіздің үстіне әрі ғұлама жырау, әрі әбжіл шешен, байтақ шежіреші де екенсіз. Халқымыздың аяулы өнерін шет жұртқа жеткізген талантыңыз үшін де ризамыз», — десе, сөзді талғап, таңдап айтатын сырбаз жазушы Ғабит Мүсірепов ол туралы өз ойын былай түйіндеген. «Кенен көнеден келе жатқан сал-серілер дәстүрін жалғастырушы, сол ұлы көштің соңғы тұяғы». Қолбасшы, батыр Бауыржан Момышұлы: «Кенен — ән мен жырдың генералы», — десе, ақын Қалижан Бекхожиннің: «Кім қойса да бұл кісінің есімін тауып атаған. Келбеті де, өнері де кенен десе кенен Кенен Әзірбаев», — дегені жұрттың есінде. Көз көргендердің естеліктеріне қарағанда әдебиетіміздің алыптары Мұхтар, Ғабит, Сәбит ақын Кененнің алдында бастарын иіп, поэзияның піріндей көріп, құрмет көрсетіпті. Қазіргі үлкен ғалым, профессор мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков ақын ағамыздың қасында көп жүріп, батасын алған жан.

«Кененнің қазіргі таспадағы әндері сексен бес жасында жазылып алынған», — дейді ол. Ал соған дейінгілері неге бейнетаспаға жазылмай қалған? Сол кездері Мәдениет министрі болғандар мұны неге ескермеген? Қолда түсіру аппараттары болды ғой. Жауабы жоқ сұрақтар. Өкінішті.

Кенен қазақ пен қырғыздың тел емген ақыны. Өткен ғасырдың он алтыншы жылындағы ақ патшаға қарсы халық көтерілісінің бел ортасында жүрді. Көтерілісші ретінде қуғынға ұшырап, көрші қырғыз асты. Қырғыздар жатсынған жоқ. «Қазақ, қырғыз бір туған» деп бауырына басты. Кененнің «Әли батыр» атты дастаны осы кезде өмірге келді. Жазушы Бексұлтан Нұржекеұлы: «Ашаршылық жылдарында да Жамбыл мен Кенен отбастарымен қырғыз өтіп, солардың жанашырлығын көрген. Соны да ұмытпайық, ағайын», — дейді. Кейін Кененнің Базар мен Назары өмірден өтіп, қайғы жұтып отырғанда қырғыздың шоң ақыны Османәлі бастаған қырық кісісі келіп, өлеңмен көңіл айтып, қайғысына ортақтасып, езілген еңсесін көтертеді.

Айта кететін тағы бір жай. Кенен атамыз кезінде халқымыздың атақты палуандары Қажымұқан мен Балуан Шолақтың сүйіспеншілігіне бөленген жан. Әсіресе палуандығымен қатар әншілігі де бар Балуан Шолақ оны ерекше құрмет тұтса керек. Бертінде бір музыка зерттеушісі Кененнің әндерін жазып алмақшы болып Қордайға барыпты. Кененге келген шаруасын айтқан. Сонда ақсақал: «Шырағым, өзім барда әндерім ұмытыла қоймас. Кешегі өмірден өткен Балуан Шолақтың әндерін айтсайшы. Көбісі халық жадынан шығып барады. Сол кісінің өзім білетін әндерін шырқап берейін. Сен сөзі мен әуенін жазып ал», — деп домбырасын қолға алған екен. Сол жылы ол Балуан Шолақтың он алты әнінің сөзі мен әуенінің нотасын қағазға түсірген. Сонда Кенен ақын айтпағанда Балуан Шолақтың сол әндері бізге жетер ме еді. Әй қайдам.

Кенен Әзірбаевтың бұл мерейтойы бүкіл халықтық той. Үкіметтің арнаулы қаулысымен тойланып жатыр. Бұл жәй той емес, ұлттық өнердің, ұлттық поэзияның тойы. Ол туған жері Қордайдан басталды. Әуелі алқалы топ сонда үлкен ғылыми-практикалық конференция өткізіп, ақынның өміріне, шығармашылығына жан-жақты талдау жасады. Мереке осыдан бес жыл бұрын Таразда қазіргі Алматы облысының әкімі Серік Үмбетов ұйымдастырған «Шырқа дауысым!» атты ән фестиваліне ұласып, Талдықорғанда ақындар айтысымен жалғасты. Астанада ақынға арналған үлкен әдеби-музыкалық кеш өтіп, сахнадан өнерпаз топ Кененнің өмірінен көріністер бейнеледі. Енді міне поэзия пірінің мерейтойы өнер мен ғылым ордасы Алматыға да жетіп, Ұлттық кітапханада белгілі ғалымдар мен ақын-жазушылар ол туралы, оның шығармашылығы жөнінде өз ойларын ортаға салды. Осында Кенен шығармаларының көрмесіне «Өнер» баспасы шығарған 6-томының тұсауы кесілді. Үстіміздегі аптаның дүйсенбі күні кешке Мұхтар Әуезов атындағы драма театрында салтанатты жиын өтіп, оны қала әкімінің орынбасары Сейдуманов ашып, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы, ақын Нұрлан Оразалин тойға құттықтау сөз сөйледі. Содан соң ғалым Шерияздан Елеукенов, жазушылар Бексұлтан Нұржекеұлы, Сәбит Досанов

тың деректер мен естеліктер айтып, шығармашылығының ерекшеліктеріне тоқталды, ақын Рафаэл Ниязбеков арнау өлеңін оқыды. Кеш соңына Кененнің ұлы Бақытжан Әзірбаев тойды ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

Кенен Әзірбаевтың өлең, ән, жырлары ұлттық өнеріміздің алтын қоры. Рухани мол қазына. Ұрпақтан ұрпаққа жетіп, халықпен мәңгі бірге жасайтынына сеніміміз мол.

*Тынышбек Дайрабай, Көлбай Адырбекұлы*